

1999 жылғы 17 тамызда Түрік Республикасында болған жер сілкінісінен зардап шеккендерге қосымша ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 2 қыркүйек N 1300

1999 жылғы 17 тамызда Түрік Республикасында болған жер сілкінісінен зардап шеккендерге қосымша ізгілік көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жер сілкінісінің нәтижесінде зардап шеккен Түрік Республикасының халқына 200 шатыр, дәрі-дәрмектер, медициналық құралдар және гемотрансфузиондық көмек түрінде, 1000 зардап шегушіге жалпы сомасы 13 660 342 (он үш миллион алты жүз алпыс мың үш жүз қырық екі) теңге көмек көрсету туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасының мемлекеттік материалдық резервінен Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне 4 000 000 (төрт миллион) теңге сомаға 200 (екі жүз) шатыр босатуды жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі 1, 2-қосымшаларға (құпия) сәйкес Республикалық арнаулы медициналық қамтамасыз ету орталығының жұмылдырушылық резервінен жалпы сомасы 6 592 342 (алты миллион бес жүз тоқсан екі мың үш жүз қырық екі) теңге дәрі-дәрмектер мен медициналық құралдар және Республикалық апаттар медицинасы орталығының ағымдағы үлесінен жалпы сомасы 3 068 000 (үш миллион алпыс сегіз мың) теңге гемотрансфузиондық көмек босатуды жүзеге асырсын.

4. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі қосымша ізгілік көмек жүгін Алматы қаласынан арналған жеріне жедел жеткізуді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі қосымша ізгілік көмекті Түрік Республикасының аумағында қарсы алуды және оны арналған жеріне беруді ұйымдастырсын.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1999 жылға арналған республикалық бюджетте кезек күттірмейтін мемлекеттік мұқтаждарға көзделген қаражаттан іс жүзінде ұсынылған құжаттар бойынша мынадай шығындарды:

1) Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті мемлекеттік материалдық резервтен шатырлардың запасын қалпына келтіруге байланысты шығыстарды өтеуге 4

0 0 0

0 0 0

т е ң ғ е ;

2) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі Республикалық арнаулы медициналық қамтамасыз ету орталығының жұмылдырушылық резервіне 6 592 342 теңге сомасына дәрі-дәрмектерді, медициналық құралдарды және Республикалық апаттар медицинасы орталығына 3 068 000 теңге сомасына гемотрансфузиондық көмектің ағымдағы үлесін

қалпына келтіруге байланысты шығыстарды өтеуге;

3) Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі 40 000 теңге сомасына Түрік Республикасына жүктерді тасымалдауға байланысты көліктік шығындарды өтеуге қаржыландырсын.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.